

Байғанин аудандық білім бөліміне

Баршақұм орта мектебінен

2024-2025 оқу жылындағы жасалынған жұмыс бойынша мектеп
психологінен жылдық есеп

Баршақұм орта мектебінде жыл бойы оқушылармен ата -аналармен жұмыстар жүргізіліп отырылды. Жоспар бойынша жылдың оқушылар туралы мәлімет жинақталып, сыныптың әлеуметтік картасы жасақталып, мектеп оқушыларының ата-аналарынан рұхсат алынды. Оқушыларға диагностикалық зерттеулер жүргізіліп, оның қорытындысы шығарылып, таныстырылып отырды. 1-сынып оқушыларына «Менің сыныбым» әдістемесі жүргізілді. Мақсаты: Оқушылардың сыныпқа бейімделуін анықтау. Диагностика нәтижесі орташа деңгейді көрсетті. Сынып жетекшісіне таныстырылып, ұсыныс жасалды. Сонымен бірге «Керн-Йирасек» теті алынды. Мақсаты: Баланың мида нәзік қимыл әрекеттерінің қалыптасқанын және үйлесімділігін анықтау. Әдістемеге жеті оқушы қатысты. Мектепке дайындығы жоғары деңгейде-4 оқушы, 3 оқушы орташа деңгейді көрсетті. Диагностика қорытындысымен сынып жетекшісіне таныстырылып, ұсыныс жасалды. 5-сынып оқушыларының бейімделуін зерттеу үшін сауалнама алынды. Сауалнамаға жеті оқушы қатысты. сауалнама қорытындысы жақсы көрсеткіш көрсетті. 9-11 сынып оқушыларынан «Айзенк тесті» алынды. Мақсаты: Бұл сауалнама сыналудың психикалық күйін мойындау немесе жоққа шығаруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қобалжу, фрустрация, агрессия және ригидтілік деңгейлерін анықтауға мүмкіндік береді. Диагностика қорытындысы бойынша мазасыздық, агрессия деңгейлері анықталған жоқ, қалыпты деңгейді көрсетті. Жоғары сынып қыз балаларына «Қыз қылығымен көрікті» тақырыбында психологиялық тренинг «Қызарға арналған психологиялық 40 кеңес» кеңестер берілді. «Мен дайынмын» - PISA-ға психологиялық дайындық психологиялық тренинг өткізді. Мақсаты: емтихан алдындағы қобалжуды азайту. Өз-өзіне сенімділік қалыптастыру. Жауапкершілік пен мотивацияны арттыру. 11-сынып мектеп бітірушілерге «ҰБТ тапсыратын күн» тақырыбында тренингтер стреске қарсы жаттығулар жүргізілді. Кеңестер берілді. «Социометрия» әдістемесі алынды. 5-11 сынып оқушыларына Темперамент тесті алынып, темперамент типтері анықталды. Жалпы жоспарланған жоспар орындалды.

Мектеп психологы:



Күлбарақова А.Е